

# 2025 жылғы 1 қаңтардағы санаториялық-курорттық ұйымдарының қызметі

Жариялау күні: 20.02.2025

1. Негізгі сәттер
2. Динамика
3. Глоссарий
4. Әдістемелік ескертулер
5. Байланысты басылымдарға сілтемелер
6. Пайдалы сілтемелер

## 1. Негізгі сәттер

2025 жылғы 1 қаңтардағы статистикалық бизнес тізіліміне сәйкес Қазақстан Республикасында жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалардың, шетелдік заңды тұлғалардың филиалдарының және «Санаториялық-курорттық ұйымдардың қызметі» саласында қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің саны: қалпына келтіру емі және медициналық оңалту ұйымдары – 333, оның ішінде экономикалық қызметтің негізгі түрімен – 216, экономикалық қызметтің қайталама түрімен – 50, жеке кәсіпкерлік субъектілері: экономикалық қызметтің негізгі түрімен – 41, экономикалық қызметтің қайталама түрімен – 26.

Қалпына келтіру емі және медициналық оңалту ұйымдарының жалпы санынан: шағын кәсіпорындар – 287 бірлік, орта кәсіпорындар – 38 бірлік, ірі кәсіпорындар – 8 бірлік.

Меншік түрлері бойынша: жеке меншік – 288 (86,5%), мемлекеттік меншік – 44 (13,2%), шетелдік меншік – 1 (0,3%).

### Электронды кесте:

[Қазақстан Республикасындағы санаторлық-курорттық ұйымдарының қызметі](#)

## 2. Динамикалық кесте.

2025 жылғы 1 қаңтардағы белсенді жұмыс жасап тұраған сауықтыру-емдеу және медициналық ұйымдарының саны

бірлік

	Барлығы	Қалалық жер	Ауылдық жер
Қазақстан Республикасы	333	158	175
Абай	7	2	5
Ақмола	20	8	12
Ақтөбе	7	7	-
Алматы	22	4	18
Атырау	4	4	-
Батыс Қазақстан	3	-	3
Жамбыл	16	9	7
Жетісу	9	4	5
Қарағанды	13	13	-
Қостанай	8	5	3
Қызылорда	17	6	11
Маңғыстау	7	4	3
Павлодар	7	4	3
Солтүстік Қазақстан	3	2	1
Түркістан	117	19	98
Ұлытау	1	1	-
Шығыс Қазақстан	6	-	6
Астана қаласы	12	12	-
Алматы қаласы	34	34	-
Шымкент қаласы	20	20	-

## 3. Глоссарий

Санаторийлік-курорттық ұйым – медициналық және өзге де көрсетілетін қызметтерді, курорттарда немесе емдеу-сауықтыру орындарында орналасқан табиғи факторларды пайдалана отырып сауықтыру және қалпына келтіру жөніндегі санаторийлік-курорттық қызметтерді ұсынатын ұйымдар: санаторийлер (ересектерге, ересектер мен балаларға, балаларға арналған), студенттік санаторий-профилакторийлер, балалардың оңалту-сауықтыру орталығы).

Негізгі қызмет түрі – қосылған құны шаруашылық жүргізуші субъекті жүзеге асыратын кез келген басқа қызмет түрінің қосылған құнынан асатын қызмет түрі.

Қызметтің қосалқы түрі – негізгіден басқа үшінші тұлғалар үшін өнім (тауарлар мен қызметтер) өндіру мақсатында жүзеге асырылатын қызмет түрі.

## 4. Әдіснамалық түсініктемелер

Электрондық кестелерде Бизнесінің статистикалық тіркелімі ақпараттық жүйесінен (бұдан әрі - СБР АЖ) алынған мәліметтер негізінде «Сауықтыру-емдеу ұйымдарының қызметі» бойынша Экономикалық қызмет

түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес әрекет ететін белсенді заңды тұлғалардың, шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінің саны көрсетіледі.

Барлық деректер СБР АЖ алынды. Бұл жүйе Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген заңды тұлғалар, олардың құрылымдық бөлімшелері, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілері (бұдан әрі – субъектілер) туралы мәліметтерді қамтиды.

СБР АЖ-да есепке алуды жүргізу Қазақстан Республикасының тиісті тіркеу органдарында мемлекеттік немесе есептік тіркеуден өткен субъектілер үшін жүзеге асырылады.

## **5. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер**

[Бизнестің статистикалық тіркелімі ақпараттық жүйесі](#)

## **6. Пайдалы сілтемелер**

[Сапа бойынша есеп](#)

["Талдау" ақпараттық-талдау жүйесі](#)

<b>Шығарылымға жауапты:</b> Халық статистикасы департаменті	<b>Департамент директоры:</b> Н. Ханжігітов Тел. +7 7172 749061	<b>Орындаушы:</b> Г. Маханбетова Тел. +7 7172 749256 E-mail: <a href="mailto:g.makhanbetova@aspire.gov.kz">g.makhanbetova@aspire.gov.kz</a>	<b>Мекенжай:</b> 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4 кіреберіс
-------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------

© Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы